

УДК 453

**КИЕЛІ ГЕОГРАФИЯНЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ
АСПЕКТІЛЕР (ЕРТІС ӨңІРІНІҢ ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРДЫҢ ТИПОЛОГИЯ
МӘСЕЛЕСІ)**

Рахимов Мәди

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің 2 курс докторанты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор М.А. Алпысбес

XX ғасырда большевиктік саяси күш биліке келіп, Кеңес үкіметі бекіп орнаған соң, атеистік бағыт ұстанған коммунистік өкіметтің идеологиясы қазақ халқының ұлттық санасын өшіріп, тарихи жадысын ұмыттыруды көздейтін саясат жүргізді. Бастапқы кезеңде бұл саясат «кеңестік құрылыс ұйымдастыру», «коммунистік құрылыс жүргізу», «социализм негіздерін қалау», «мәдени революция жасау», «ескіліктілікпен күресу», «мәденилендіру» жобаларын іске асырумен, ал артынан «біртұтас совет ұлтын құру» идеясымен жалғастығын тапты.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін қызыл үкімет дін атаулысына мүлдем тыйым салып, тарихи-мәдени рухани құндылықтарды жоюдан бастады. Әміршіл-әкімшіл үкімет руханиятқа қатал бақылау орнатып, діни ғибадаттар жасау, қажылық өтеу, қасиет тұту, киелі орындарға тәу етуге тиым салып, қатаң қадағалады. Ғибадат орындары, мешіт, медреселер жабылып, қасиетті орындар бұзылып, ұлттық дәстүрлі мерекелерді атап өтуге тыйым салды.

Патша отаршылдығы тұсында да, кеңестік билік кезінде де қазақ халқының киелі мекендерін бұзуға әрекет етілді. Халықтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі әлеуметтік-шаруашылық жүйесі қиратылып, оны сақтап қалуды көздеген халықтың сағын сындыру мақсатында күшпенен малын тәркілеу, мойынсерік құру, колхоздастыру шаралары жүзеге асырылып, ақыры адамдарын аштыққа ұшыратып қырды, жерін тоздырды, тау-тасын

тонады. Халықтың қарсылық көрсету амалдары қанқұйлы жазалауларға айналдырып, қуғын-сүргін саясаты жасалды.

Семей өңірі Алаш қозғалысының ошағы болған бірден-бір қасиетті орта болса-дағы, бұл жерлер ядролық сынақ ошағына айналдырылды. Омбы, Орынбор сияқты байырғы қоныс жерлері Ресейдің қол астына қаратылып кетті. 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалыс ошағы болған Торғай өңірі құлдырады. Қазақ халқының ата-бабадан ұрпаққа енші, мұра болып қалған жерге деген аманат ретінде қарау, табиғатты аялау, тарихи жерлердің киелі сипатын айшықтау қажеттілігі қазіргі ұрпаққа ерекше жауапкершілік артады [1, 10 б.].

Тәуелсіздікке жеткен уақыттан бастап, тарих ғылымына деген жаңа көзқарастар кешені пайда болды. Жаһандық процесстерге интеграциялану арқылы әлемдік өркениеттің әдістерін игеруге жол ашылды. Әсіресе, 1998 жылдың Қазақстан халқы бірлігімен ұлттық тарих жылы деп жариялануы және 2004 жылғы мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы, рухани құндылықтарымыздың біршама қайта қалпына келтірді.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары тарихымыздың дамуына үлкен серпіліс берді. Мақалада мемлекет басшысы «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын құру бастамасын қолға алған болатын. Елбасы «киелі, қасиетті орындардың» мәніне түсінік бере отырып: «Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын сонды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенің, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтас келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды» - деп жазады [2]. Сондықтан киелі географияның рөлін анықтау, киелі жерлердің жүйесін құрылымдау ғылымдағы маңызды мәселе.

Киелі (латынның сакральный және сакраментальный синонимдері болып табылатын) сөзі бірнеше мағынаны білдіреді. Тар мағынада «киелі» деп қасиеттілікке ие, діни культпен байланысты немесе «діни мақсатта қызмет жасайтын» құндылықты атаған. Кең мағынада бұл терминді дінге қатысы жоқ құндылықтарға да қолданған. Яғни киелі – бұл: «Аса қымбат, өте құрметтелетін, өсиетті. Қол сұғуға, тигізуге болмайтын. Бұзылмайтын, мызғымас. Өзгеден жоғары, асыл. Әділетті іс, бостандық мақсатында жасалған әрекет (соғыс, қақтығыс, жекпе-жек). Қастерлі, ықыласты». Сонымен қатар «киелі» түсінігіне «салт-дәстүр, ғұрыптық рәсім» мағыналары да қолданылады. Адамның дүниеге келуі мен дүниеден өтуі де мистикалық құбылыс. Сондықтан киелі нысандар категорияларына дәстүрлі жерлеу ғұрыптары, кремация орындары немесе дүниеден өткен адамдарға арналған ескерткіштер (ешқандай дінмен байланысы жоқ болса да) қастерленеді. Киелі статусын аруақтар рухы, ата-баба культі, әскери ерлік, шығармашылық, тума дарындылық (бойында дарындылық қасиетті алып жүрген тұлғалар), біліммен (әсіресе тылсым құпияларды білетін данышпандар), табиғаттың ұлылығы, мемлекеттік билік, мәдениеттің белгілері алғаш көрініс берген жерлермен байланыстырылады [3, 5 б.]. Яғни киелі орындарға: өмірге келу, жетілу, дүниеден өту, қаһармандық рух, Отан секілді категориялардан қалыптасқан нысандар жатқызылады.

«Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі Б. Әбдіғалиұлы айтқандай: ««Киелі жер» мәртебесін мемлекет бекітпейді. Мұны халықтың өзі анықтайды. Егер халық бұл орынды киелі деп санаса, бұйрықтар мен шешімдерсіз-ақ киелі болып саналады» [4].

Киелі орын, қасиетті жер деген ұғымдар көне заманнан келе жатыр. Тек XIX ғасырдан бастап аталмыш терминді феномен ретінде алғаш батыс ғылымында: философия, дін, әлеуметтану, тарихи география, мәдениет салалары бағытындағы зерттеулерде қарастыра бастады. XX ғасырда киелі географияның мәні тереңдетіле түсіп пәнаралық зерттеулердің

негізінде географ, тарихшы, теолог мамандардың көзқарастары мен пікірлері жаңа концепцияларды қалыптастырды.

XV ғасырда белгілі суретші, ғалым Леонардо Да Винчи аспан денелеріне бақылау жасап жерді тірі ағзаға теңестіреді. «Жер – тірі ағза» атты аллегориялық теорияны қолданысқа енгізген Леонардо Да Винчидің пікірі бойынша ағып жатқан өзендер – ағзаның қан тамырлары, ауа-ағзаның жаны, жер – ағзаның денесі. Қасиетті жер жаратушының жұмбағы және көп ізденістерді қажет етеді деген. Қайтсе де еуропаның жаңғыру дәуірінде ғалымның жазған ізденістері мен пікірлері құпия мен қасиетке толы жерді зерттеуде кейінгі ғалымдарға үлкен серпіліс бергені анық [5, 45 б.].

Қасиеттілікке алғашқылардың бірі болып жауап іздеуге тырысқан ағылшын философы Томас Карлейль барлық діндердің бастауларында қасиеттілікке сенім жатыр деп топшылаған. Ал киелілікті – белгісіз құпия күш деп анықтаған. Т. Карлейль барлық қасиеттіліктің бастамаларындағы ұлы адамдардың рөліне ерекше назар аударады. Ол: «Почитание героя - есть трансцендентное удивление перед великим человеком. Я говорю, что великие люди - удивительные люди до сих пор; я говорю, что, в сущности, нет ничего другого удивительного!» - деп жазады [6, 17 б.]. Қасиеттілікті ұлы адамдардан іздеу керек теориясының негізінде Т. Карлейль келесідей типологияны жасаған: 1) Кейіпкер - құдай; 2) Кейіпкер – пайғамбар; 3) Кейіпкер – ақын; 4) Кейіпкер – уағызшы; 5) Кейіпкер - жазушы, 6) Кейіпкер – билеуші.

Киелілікті жеке тұлға, ұлы адамдар, жалпы діни бағытта емес қоғам мен қоғамдық сұраныстардан іздеу керек идеясын француз элеуметтанушысы Э. Дюркгейм көтерген еді. Э. Дюркгейм болашақты болжау, мистериялық құбылыстар трансцендентальді (шектен шыққан) және киелі құбылысын сараптаудың жалғыз құралы ретінде тарих әдістемесін мойындап: «Только история позволяет нам разложить некий институт на его составные элементы, поскольку она показывает, как они рождаются во времени один за другим. С другой стороны, помещая каждый из них в совокупность обстоятельств, в которых он родился, она дает нам единственное средство для определения тех причин, которые его породили» - деп жазады [7, 30 б.].

Киелі феноменінің ғылыми аспектілерін философ, дінтанушы, феноменолог Р. Отто ұғуға тырысты. Э. Дюркгейм тұжырымдамасын сынға алған Р. Отто «киелілікті» иррационалды бастама деп түсіндіреді. Қасиеттілікті түсіндіру үшін әртүрлі ұғымдарды қолдана отырып, киелілікті рациональдық пен иррациональдықтың тоғысындағы априорлық категория деп айқындайды. Р. Отто «киелілік» адам сезімдерінен құралған құбылыс деп түсіндіруге тырысқан. Сондықтан сезімдер жүйесін ортақ атаумен «нуминоз» деп атаған. Ал нуминозға қатысты өзге сезімдерді бірнеше ұғымдармен алмастырған. Мысалы киелілікті сипаттайтын тағы бір сезім түрі «fascinatus» сезімі (латын тілінен fascino – елту, арбау) – құпиямен қарым-қатынасқа түскен кезде әрбір адамның бойында пайда болатын масаттану, таңғалу сезімдерінің пайда болуы. Нуминоздың психологиялық ерекшелігін айқындай отырып, «misterium, tremendum» сезімімен (адамды экстатикалық күйге әкелетін құпияға иландыратын сезім) байланыстырады. Нуминоздық сезімдер кешені жиналып келіп абсолютті құндылық дәрежесіне ие болады. Оны Р. Отто «sanctum», «augustum» деп атаған [8, 132 б.].

Р. Оттоның тұжырымдамаларын негізге ала отырып, киелі жерлерге қатысты жаңа тұжырымдаманы ашқан Элиаде Мирча киелілікті феномен ретінде қарастыра отырып, жауапты кеңістік пен уақыт контекстінен іздеген. Оның қасиеттілік көрініс берген орынды «иерофания» деген терминмен атауы, киелі жерлерге қатысты жаңа теориялық көзқарастарды қалыптастырды.

Э. Мирчаның киелі орындардың пайда болу себептеріне байланысты типологияны келесідей құрған: 1) «Жер кіндігі» теориясымен байланысты қалыптасқан киелі орындар; 2) Алғашқы уақыт (жыл басы) мерекелеріне қатысты қалыптасқан киелі нысандар; 3) Мифтермен байланысты құрбандық шалу рәсімдерімен байланысты; 4) Дүниеге келу, дүниеден озу, қарабайырлықтан (профандық) қасиеттілікке өту, арнау (посвящение)

рәсімдерімен байланысты; 5) Космостық белгілерді (күн, ай, жұлдыз, аспан және т.б.) киетүту негізінде қалыптасқан киелі нысандар [9, 14 б.].

Киелі география ұғымы мен типологиясын батыс ғалымдарының ғылыми-теориялық тұжырымдарын негізге ала отырып, посткеңестік ғалымдар да зерттеген.

Киелі орындардың алғашқы типологиясын жасау әрекеті кеңестік ғалым Г. П. Снесаревқа тиесілі. Г.П. Снесарев қасиеттілер, киелі орындар туралы аңыз-әңгімелерді зерттей отырып, негізгі төрт типті бөліп көрсетеді: 1) бейнесі анықталмаған киелілер және олардың өз есімдері мен қарапайым тұрағы болмағандар; 2) библиялық-құрандық кейіпкерлер, бұған ерте ислам тарихының тұлғалары жатады; 3) ортағасыр сопылары – ерте кездегі, жалпы танымал және жергілікті; 4) мазарлары инерция түрде табыну объектісіне айналған жергілікті билік өкілдері [10, 277-279 б.].

С.В. Голубаев пікірі бойынша діни нысандарға қарағанда, зайырлы киелі нысандар - дүниеге келу, жетілу, ерлік, күш, Отан, қаһармандықпен опат болу және т.б. мистикаға негізделген категориялардан тұрады. Осы тұста атап кетер жайт, «қасиетті» мен «ерекше құнды» арасын анықтау қиындықты туғызады. Себебі екі сөздің мағынасы бір- біріне ұқсас болғандықтан діни және зайырлы киелі нысандар ортақ қарастырылуы керек [11, 47 б.].

Киелі ландшафт теориясымен айналысқан Е.А. Окладникова киелі орындарды бірнеше бөлікке бөліп қарастыруды ұсынған: 1. Палеомәдени (археологиялық) - 1) петроглифтері бейнеленген ритуалды орындар; 2) Мегалитті ритуалды орындар; 3) Киелі қалалар; 4) Жерлеу кешендері; 5) Геоглифтер. 2. Тарихи – 1) Деффирициаланбаған ғибадатханалар; 2) Қасиетті тоғай, орман, жайлау, көл, өзендер; 3) Қорымдар; 4) Храмдық және монастырлық комплекстер [12, 91 б.].

Этнограф В.Л. Огудин болса, киелі нысандарды халыққа қызмет атқаруына орай алты функцияға бөлген: 1) Біріктіруші – киелі нысан нақты аймақты мекендейтін рулық қауым немесе діни топтың шартты орталығы болып табылады; 2) Медиаторлық – киелі нысан діни құрылымда адам мен құдайды байланыстырушы рөл атқарады; 3) Коммуникативті – киелі нысан қоғам өмірінің орталығы болып табылады; 4) Протекторлық (қорғаныс) – қасиетті нысан немесе оның ар жағында тұрған киелі күштер нақты өңірде мекендейтін адамдарды немесе қоғамдық топты қорғайды; 5) Емдік функция – қасиетті орын сауығып кетуге көмектеседі; 6) Табиғи қоршаған ортаны қорғау функциясы – киелі нысандар қоршаған ортадағы жануарлар мен өсімдіктер әлемінің сақталынып, көбеюіне жәрдемдеседі. Сонымен қатар бір киелі нысан жоғарыда атап өтілген алты функцияның бірнешеуіне немесе түгелдей алтауына да қатысты қолданылуы мүмкін [3, 6 б.].

Жоғарыда атап кеткен кеңес ғалымы Г.П. Снесаревтің типологиясын отандық ғалым Ә. Муминов толықтырған еді. Ә. Муминов иемденген киелі орындарына байланысты келесідей типологияны ұсынды: 1) ежелгі батырлар; 2) пайғамбарлар, Құрандағы кейіпкерлер; 3) шиит-кайсаниттер; 4) Мұхаммед пайғамбардың ізбасарлары; 5) шииттік имамдар; 6) сопылар; 7) ру тотемдері; 8) киелілердің «жаңа ұрпақтары».

Сонымен қатар, Ә. Муминов мазарлардың типін екіге жіктеген. Танымалдығына және әйгілігіне байланысты бірінші типке: 1) барлық Орталық Азияға танымал; 2) бір өлке немесе толық бір аймаққа танымал; 3) шектеулі жерге ғана танымал. Екінші типке: 1) бірқұрылымдық (яғни бір киелі орын – бұлақ көзі, жалғыз ағаш, мүсін бейнесіндегі құз); 2) Екіқұрылымдық (қорғандар кешені); 3) Күрделі (кесенелермен); 4) Ханакахтармен (дәруіштер тұратын үй - мешіт); 5) Кесенелер және зираттармен; 6) Кесене және мешіттермен; 7) Кесене, мешіт, медреселер уақыптарымен [13, 121 б.].

Ә. Муминов киелікті дінмен, мистикалық қасиеттермен байланыстырады. Бұл да дұрыс болып саналады. Алайда киелі жерлерді тек қана діни нысандар мағынасында тану оның аясын тарылтып жібереді. Көптеген адамдар үшін киелі орындар ерекше құрметті, қастерлі. Олар халықтың тарихи-мәдени мұрасы түрінде ұлттық санада көрініс тапқан.

Еліміздің шығыстанушы ғалымы М.К. Әбусейітова киелі жерлерді халықтың бірегей тарихи-мәдени мұрасы ретінде бағалайды. Ол: «Ескерткіш – біздің тарихи жадымызды қалыптастыру бағдары. Жады – бұл тек мәдениет негізі ғана емес, сонымен қатар дүниеге

көзқарас. Қоғам дамуының кезеңдерін көрсететін, әлеуметтік құндылық» - деп жазады [14, 12 б.].

Қазақ халқының ескерткіштерін сақтау мен зерттеуде көп еңбек сіңірген зерттеуші С.Е. Әжіғалидың айтуынша ескерткіштер келесідей түрге бөлінеді: мемориалдық және көркем сәулет; қоныс аударушылардың ескерткіштері және түркілік араб-графикалық эпиграфиясының ескерткіштері. Ғалымның пікірінше, алдымен осы ескерткіштерді зерттеуді кеңейту, туризмді дамыту, насихаттау және қорғау керек [14, 14 б.].

Зерттеуші М. Алпысбесұлы «Көне Көктау байырғы Баянаула байтағының тарихы» атты еңбегінде киелі орындардың айырықша белгілерін нақты ажыратқан: «Ерекше жаратылған тас, үңгір, ертеден келе жатқан тас қадалар (меңгір), кие тұтатын бұлақтар, қасиетті адамдардың жерленген зираты т. б. Үңгірді «үңгір» демей, «әулие» деп атау қазақ ортасында қалыптасқан ертедегі дәстүр. Мұның себебі үңгірге деген құрмет, сый-сияпат, кие тұту дәстүрінен шыққан тыйым» [1, 121 б.].

Атаулы дефинициямен жұмыстарды Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ғалымдары жүргізген. 2017 жылы т.ғ.д., профессор З. Е. Қабылдиновтың басшылығымен зерттеушілер қауымы бірігіп «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасына енгізілетін нысандарды іріктеудің ғылыми негізделген критерийлері» атты еңбекті жарыққа шығарды. Ұжымдық монографияда киелі географияның тарихнамасы жүйеленіп, теориялық аспектілері қарастырылған [14].

Отандық ғалым Х. Әбжанов танымдық тұрғыдан және уақыттық шегі бойынша киелі жерлерді төрт топқа бөлген: біріншісі – ислам діні келгенге дейінгі арғықазақтардың салт-дәстүрі мен ритуалдары орындалған, әлі де орындалатын жерлер; екіншісі – ислам дініне байланысты қоғамдық салада берік орныққан нысандар. Олар – тәңірішілдік пен ислам рухани құндылықтарынан құрылған киелі орындар; үшіншісі – ұлы тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты сакралды жерлер; төртіншісі – тылсым сырлары ғылыми талданбаған, бірақ адамға, оның денсаулығына пайдалы немесе зиянды әсері күдік-күмән тудырмайтын жерлер. Ғалым алдыңғы екі типті – әулиелі, үшінші типті – қасиетті, төртіншіні – киелі жерлер деп үш категорияға бөліп қарастыруды ұсынған [15, 8 б.].

Ғалымның ұсынысына үйлесімді типологияны ҚР Ұлттық музейінің жанында құрылған «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы бекітті. Сараптама орталығында белгілі археолог, этнограф, өлкетанушы, тарихшы ғалымдар киелі жерлерді жүйелеудің типтік ерекшеліктерін жасап шығарған. Осыған сәйкес киелі география нысандарының келесідей ара-жігі ажыратылған: 1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері; 2. Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар; 3. Діни және ғибадат орындары болып табылатын орындар; 4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар; 5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар [16, 9 б.].

Мінекей, батыстық, посткеңестік және отандық ғалымдардың ұстанымдары мен «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы бекіткен бес топтық жіктелімі негізінде Ертіс өңірінің киелі географиясының ғылыми – теориялық құрылымы жасалды. Яғни, бірінші - табиғи мұра негізінде қалыптасқан киелі орындар; екінші - діни – мінәжаттық орындар мен мәдени маңызы бар киелі нысандар; үшінші - маңызды тарихи оқиғалар мен көрнекті тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті нысандар; төртінші - Ертіс өңіріндегі киелі нысандар және олардың халықтың тарихи жадында алатын орыны; бесінші - Ертіс өңіріндегі киелі нысандардың ұлттық сана мен бірегейлікті нығайтудағы рөлі.

Қорыта айтқанда, жер бетінде қасиетті, киелі, яғни аса құрметті, ерекше маңызды категориясына тиесілі нысандар жетерлік. Адамзат киелі статусын – таулар мен өзендер, құздар мен шыңдар, жайлау мен жол, ұлы адамдардың өмір сүрген орындары, мазарларға, ежелгі құрылыстарға, кітаптар, ғибадатханалар мен өзге тарихи-мәдени, табиғи мұраларға арнайды. Бір сөзбен айтқанда, киелі құндылықтар - тарихи, мәдени, діни, дүниетанымдық ілімдердің қосындысының нәтижесінде қалыптасқан рухани символданған жер кеңістігін құрайды.

Бұл киелі жерлер – кез келген ұлттың өзін-өзі тарихи айқындалуының негізі және ұлттық мақтанышы мен мәртебесі болғандықтан болашақтағы дамуына мол әсері ететіні анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы (монографиялық зерттеу) / Алпысбес М.А., Аршабек Т.Т., Қасен Е.Б., Кейкі Е. — Астана: Парасат Әлемі, 2005. — 480 б.
2. Қазақстан Республикасы Президенті .Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»). //Егемен Қазақстан, 12.04.2017.
3. Громов Д.В. Энциклопедия сакральной географии. — Екатеринбург: Ультра.Культура, 2005. — 648 с.
- 4.https://www.inform.kz/kz/berik-abdigali-kazakstannyn-kieli-oryndaryn-halyk-anuykaydy_a3030170 - қаралған күні: 07. 03. 2019.
5. Николл Ч. Леонардо Да Винчи. Загадки гения. — М: Колибри, 2016. — 960 с.
6. Карлейль Т. Герои, почитание героев и героическое в истории. — М.: Эксмо, 2008. — 864 с.
7. Дюркгейм Э. Элементарные формы религиозной жизни: тотемическая система в Австралии - М.: Дело РАНХиГС, 2018. — 736 с.
8. Отто Р. Священное. Об иррациональном в идее божественного и его соотношении с рациональным: Пер. с нем. А.М. Руткевич. — СПб.: Изд.-во Санкт-Петербургского унив., 2008. — 272 с.
9. Элиаде М. Священное и мирское. — М.: Изд-во МГУ, 1994. — 144 с.
10. Снесарев Г.П. Реликты до мусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. — М.: Наука, 1969. — 331 с.
11. Голубев С.В. Сакральная география. Аспекты познавательного и паломнического туризма // Материалы международной научно-практической конференции. — СПб. 2017.
12. Окладникова Е.А. Сакральный ландшафт: теория теория и эмпирическое исследования. — М.: Директ-Медиа, 2014. — 230 с.
13. Муминов А.К: Родословное древо Мухтара Ауэзова / А.К. Муминов, при участии А.Ш. Нурмановой и С. Саттарова. Сост. указ. У.А. Утепбергеновой; Под ред. С.Н. Абашина.- Алматы: Жібек жолы, 2011. — 304 с.
14. «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» жобасына енгізілетін нысандарды іріктеудің ғылыми негізделген критерийлері. Ұжымдық монография / З.Е. Қабылдинның жалпы редакциясымен. — Алматы: Атамұра, 2017. — 260 б.
15. Әбжанов Х. Сакральді география: мәні, құрылымы, келешегі. // «Ақселеу Сейдімбек және тарих ғылымындағы шежіретану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы. — Астана: Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ баспасы, 2017. - 6-10 беттер.
16. Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. — Астана: Фолиант, 2017. — 496 б.